

**«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша»  
кешенінің балабақша бөлімінің  
2021-2022 оқу жылының  
«Педагогикалық кеңес» хаттамасы**

## «Керемет» балабақшасы

### №1 Педагогикалық кеңес хаттамасы.

**Өткізілген уақыты:** 24.08.2021 жыл.

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** 2021-2022 оқу жылына балабақшаның жоспарын бекіту. Оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

**Мақсаты:** Жаңадан келген тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс жүргізу, баланың балабақша өміріне бейімделуі, гигиеналық тазалық шараларын, күн тәртібін орындап, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Баланың жан-жақты дамуына ықпал ету. Тәрбиешілердің жаңашылдыққа бағыттау.

**Төрайымы:** Куатбекова .Р.Т

**Хатшысы:** Амалбек. А.

**Қатысқандар саны:** 14

**Барлығы:** 14

#### Күн тәртібінде:

1. Оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру
2. Оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
3. Білім беру қызметтерін ұсыну сапасын тексеру және кеңес беру;
4. Білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу;
5. Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу.
6. Білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;
7. Оқу мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру, арнайы мекемеге бағыттау;
8. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту;
9. Басқада мәселелерді талқылау.

#### Қаралды.

##### 1. Тыңдалды:

Педагогтардың біліктілік құрамы бекіту, стандартқа сай сағатын бөлу, жоспарды үлгілік оқу бағдарламасымен бекіту

**Шешімі:** 1. Тәрбиешілер топ аралығымен бөлінді, тәрбиеленушілер құжатымен түгелденді, міндетті құжаттармен таныстырылды.

**2. Тыңдалды:** Перспектива, циклограмма, вариативтік компонент, серуен картотекасы, келу-кету дәптерін, сүзгі дәптері, қимылды ойындар, ата-анамен жылдық жұмыс жоспары, күн тәртібі, жас ерекшелігімен жоспарлау бойынша тыңдалды.

**Шешімі:** Педагогтар барлық мәселені түсінді.

**3.Тыңдалды.** Меңгеруші білім беру қызметтерін ұсыну сапасын тексеріп және кеңес берді.Оны әдістемелік кеңесте қаралуын жыл бойына тапсырды.

**Шешімі:** қызметкерлер келісті

1.Психолог кеңес қорытындысын жасап педагогтармен жұмыс жүргізсін.

**4.тыңдалды.**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері аттестатталушы педагогтардың тізімін атап өтті және жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің өтілетінін айтты.

**5.Тыңдалды:**

Оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру,арнайы мекемеге бағыттау. Оларды мед бике денсаулық кітапшасын қарап,тексеріп алуын талап қойылды.

**ШЕШІМІ**

Психолог және медбике өз жұмыстарына жауапкершілікпен атқаратынын хабарлады.

**6.Тыңдалды:**

Педагогикалық құрамын,сапасын бекіту бойынша еңбек өтілі,біліктілігі,санаты, жетістіктері мен біліктілікті арттыру курс оқуларын тіркеп алынды.

Пед кеңестің құрамы бекітілді;

Хатшы: Амалбек Аружан Маратбекқызы.

Төрайымы: Қуатбекова Райхан Тұсыматқызы.

Алдағы жоспарлары мен баяндалды.

**ШЕШІМІ**

Барлық ұжым бір ауызбан келісіп,тапсырмаларды өз уақытында жасауды түсінді. Жаңа оқу жылына дайындықтарын талқылап шешімі табылды.

Төрайымы: Қуатбекова .Р.Т

Хатшысы: Амалбек. А.

## «Керемет» балабақшасы

### №2 Педагогикалық кеңес хаттамасы.

**Өткізілген уақыты:** 13.10.2021 жыл.

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** 2021-2022 оқу жылына ата анамен жұмыс кестесін құру. МДҰ жасындағы балаға экологиялық тәрбие беру.

**Мақсаты:** Жаңадан келген тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс жүргізу, баланың балабақша өміріне бейімделуі, гигиеналық тазалық шараларын, күн тәртібін орындап, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Баланың жан-жақты дамуына ықпал ету. Тәрбиешілердің жаңашылдыққа бағыттау.

**Төрайымы:** Бекжанова.Г.

**Хатшысы:** Амалбек. А.

**Қатысқандар саны:** 14

**Барлығы:** 14

#### Күн тәртібінде:

1. №1 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы. Меңгеруші
2. Педагогтардың перспектива, циклограмма, вариативтік компоненттермен жұмысын бақылау, түзету, кеңес беру.
3. Балабақшадағы ертегі терапиясының баланың мінез құлқына әсері.
4. Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру арқылы эстетикалық сезімдерін дамыту.
5. Ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылатын іс-шараларға қалай шақыруға болады, міндетті түрде бәрінің қатысуын қалай қадағалайсыз?
6. Әр түрлі мәселелер.

#### Қаралды.

##### 1. Тыңдалды:

Педагогтардың перспектива, циклограмма, вариативтік компоненттермен жұмысын бақылау, түзету, кеңес беру мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде әр құжат өз уақытында тапсырылуын тапсырды.

**Шешімі:** 1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.

##### 2. Тыңдалды.

Балабақшадағы ертегі терапиясының баланың мінез құлқына әсері тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігінің түрлі әдіс-тәсілдер пайдалана отырып баланың тіл байлығын дамыту, тәрбиелің мәнін кеңейту, шығармашылығын дамытуды көздеп көркем сөйлеу керектігін әңгімеленді.

**Шешімі:** Педагогтар барлық мәселені түсінді.

##### 3. Тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы ұжым мүшелерін жағымды күйге түсіріп, сергіту мақсатында «Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру арқылы эстетикалық сезімдерін дамыту» тақырыбында психологтың кеңесі жүргізді. Бұл жерде тәрбиешілер өз бағытын жанарту мақсатында алда ізденісте болуын, баланың тек білім саласында ғана емес экологиялық тәрбиеде қажеттілік тудыратынын түсіндірілді. Үлгі кеңестер берілді

#### **Шешімі:**

1. Психолог кеңес қорытындысын жасап педагогтармен жұмыс жүргізсін.

#### **4. ТЫНДАЛДЫ**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері аттестатталушы педагогтардың тізімін атап өтті және жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің өтіліп жатқанын айтты.

#### **5. Тындалды:**

Бесінші мәселе бойынша, ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылатын іс-шараларға қалай шақыруға болады, міндетті түрде бәрінің қатысуын қалай қадағалайсыз деген сұраққа тәрбиешілер тәжірибесімен бөлістіп өз ойларымен талқыға салынды.

#### **ШЕШІМІ**

1. Ата-анамен жұмыс кесте бекіту.
2. Ата-анаға түрлі тренингтер мен жиналыс ұйымдастыру
3. Ата-ана, балабақша, бала болып іс-шараларға үштік жұмыс жүргізу.
4. Бастапқы АҰОҚ-не ену күнді бекіту
5. Күздік іс-шараларға жауаптыны бекіту.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Бекжанова.Г.

Хатшы: Амалбек. А.

## «Керемет» балабақшасы

### №3 Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Өткізілген уақыты: 13.02.2022 жыл.

Түрі: дәстүрлі

**Тақырыбы:** 2021-2022 оқу жылының жарты жылдық есебі. **Мақсаты:** Баланың денсаулығын нығайту, ағзаны шынықтыру, ерік-жігерінің белсенділігін, дербестігін қалыптастыру, гигиеналық тазалық шараларын, күн тәртібін орындап, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.

**Төрайымы:** Турегельдиева Э.

**Хатшысы:** Амалбек. А.

**Қатысқандар саны:** 14

**Барлығы:** 14

#### Күн тәртібінде:

1. №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы. Меңгеруші
2. Аттестатталған педагогтардың тізімі
3. Педагогтардың I- жарты жылдық есебі
4. «Денсаулық – табиғат берген сый» медбике
5. Аралық мониторинг қорытындысы бойынша
6. Әр түрлі мәселелер:
  - М.Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған «Жырлайды жүрек» кеші.
  - Әр түрлі мәселелер:
  - 8,22 наурыз мереке қарсаңында тәрбиешілер топтық ата-аналар жиналысын өткізу.
  - 8,22 наурыз мерекесінің кестесін құру.
  - 9 өтпелі тақырып бойынша көрнекіліктер жасау.
  - «Балабақшада жаңа технологияларды қолдану әдістері» (баяндама)
  - Көрме: «Күн тәртібінде үш тілде қолданылатын көркем сөздер жинағы» (үй тапсырмасы)

#### Қаралды.

##### 1.Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. №2 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде әр құжат өз уақытында тапсырылуын тапсырды.

**Шешімі:** 1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.

##### 2.Тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдері қозғалды.

**Шешімі:** Педагогтар барлық мәселені түсінді.

##### 3.Тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы ұжым мүшелерін жағымды күйге түсіріп, сергіту мақсатында «Менің өмірлік жолым» тақырыбында тренинг жүргізді. Бұл қиял ғажайып тест арқылы ұжым мүшелері өз өмірлеріне бір сәт басқаша көзқараспен қарауға мүмкіндік алды. Әрбір

педагогқа берілген тапсырманың жауабы бойынша: 1-тапсырмадағы егін алқыбы – ол өмірлік жолы, жол – бұл өмірлік жолы, жауын – басқаның сіз туралы айтқан пікіріне көзқарасы мысық – жалпы әйел заты туралы пікірі, қасқыр - ер азамат туралы пікірі, су немесе от – отбасындағы рөлі. Осы бойынша педагогтардың өз өмірлеріне өмірлеріне деген көзқарасы анықталды.

#### **1. СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші**

1- Тапсырма бойынша күн шығып тұрған жасыл алқапты, 2-тапсырма бойынша жалғыз аяқты жолды, 3-тапсырма бойынша жаңбырды елемей ары қарай жүре беретінін 4- тапсырма бойынша сары түсті кішкентай мысықты елестететінін, 5- тапсырма бойынша ашулы қасқырды елестететінін, 6- тапсырма бойынша отты таңдайтынын айтты.

#### **2. СӨЗ СӨЙЛЕДІ. Дене шынықтыру жетекшісі**

1- тапсырма бойынша қызанақ өсіп тұрған жасыл алқапты, 2-тапсырма бойынша жалғыз аяқты жолды, 3-тапсырма бойынша жаңбырды елемей ары қарай жүре беретінін, 4- тапсырма бойынша сұр түсті үй мысығын елестететінін, 5- тапсырма бойынша жуас қасқырды елестететінін, 6- тапсырма бойынша суды таңдайтынын айтты.

#### **Шешімі:**

1. Психолог тренингтің қорытындысын жасап педагогтармен жұмыс жүргізсін.

#### **4. ТЫҢДАЛДЫ**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері аттестатталушы педагогтардың тізімін атап өтті және жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің өтіліп жатқанын айтты.

#### **5. ТЫҢДАЛДЫ**

Бесінші мәселе бойынша, педагогтардың 2021-2022 оқу жылындағы жарты жылдық есебі тыңдалды. Онда педагогтар 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап 2022 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен ертеңгіліктеріне, ата-аналар жиналысы мен топтағы бала санының мәліметтеріне тоқталды.

#### **ШЕШІМІ:**

1. 2021-2022 оқу жылындағы педагогтардың жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

#### **6. Тыңдалды:**

Алтыншы мәселе бойынша, балабақша медбикесі «Денсаулық – табиғат берген сый» тақырыбында баяндама оқыды. Онда қазіргі таңда өршіп тұрған «Қызылша» жұқпасы туралы төмендегідей мағлұмат берілді.

**Қызылша мен қызамық.** - біріне бірі өте ұқсас жұқпалар. Екеуінің де қоздырғышы вирус. Ауру да ауа арқылы жұғады. Екеуіне тән негызға белгі – денеде бөртпелердің пайда болуы.

**Қызылша** – Вирус адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді, онда көбейіп, қанға енеді. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап тамақ безін, бауырды, өкпені, жілік майын зақымдайды.

**Қызылша қалай өтеді?** Тұмау ауруларына ұқсайтын белгілерден басталады. (дене қызуының көтерілуі. Жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның ылғалдануы). Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызыл бірігетін бөртпелер пайда болады. Бастапқыда бетте, құлақтың артында, сонан соң барлық денеге тарайды. Ауру айналасындағылар үшін денесіне бөртпе пайда болғанда дейін 4 күн, пайда болғаннан кейін 4 күн ішінде залалды болып саналады.

**Қызылшаның қауіп неде?** Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, ми қабықтарының қабынуы. Кез-келген асқынудан ауру өліп кетуі мүмкін.

**Қызылшаны қалай емдейді?** Қызылшаны да кез-келген вирусты жұқпа секілді емдеу қиынға соғады. Қызылшаның арнайы емдеу препараты жоқ. Антибиотиктерді тек оның асқаруларын емдеуге пайдаланады. Науқасқа витаминдерге бай тағамдар көп мөлшерде сұйықтық ішу керек.

#### **ШЕШІМІ**

1. Балалардан қызылшаға қарсы вакцина алуды қадағалау медбикеге жүктелсін.

#### **7. ТЫҢДАЛДЫ**

Жетінші мәселе бойынша, аға тәрбиеші 2021-2022 оқу жылындағы аралық мониторинг қорытындысын айтты.

#### **ШЕШІМІ**

1. «Балауса» тобының жиынтық есебі қайта есептелсін.

2. Қыркүйек, қаңтар айындағы салыстырмалы көрсеткішті ескере отырып, тәрбиешілер мамыр айында балалар өз кезеңіндегі құзыреттілікті меңгеру деңгейін көрсетіге жұмыс жасауын қадағалау аға тәрбиешіге жүктелсін.

#### **8. ТЫҢДАЛДЫ**

- Сегізінші әр түрлі мәселелер бойынша, әдіскер 2022 жылдың 8 ақпанында балабақшада ортаңғы және ересек топтар арасында өткен М.Мақатаевтың «Жырлайды жүрек» атты сайысында, музыкалық залды әрлеуге жауапты болған музыка жетекшілеріне эстетикалық талапқа сай әрленбегені үшін ескерту айтылды.

- Балабақша әдіскері топтардың жылдық жоспарының 9 өтпелі тақырыбы бойынша жасау ұсынысын білдірді. Ол бойынша әр бір топқа тақырып бөлініп, сол бойынша көрнекілік жинақталып, түптелсе, кезектесе қолдануға қолайлы болатынын айтты. Тәрбиешілер бір ауыздан қолдады.
- 8 наурыз және 22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылатын ертеңгіліктер мәселесі талқыланды. Мерекеде топтар және музыка бөлмесін талапқа сай безендіру тапсырмасы берілді. Музыкалық залды безендіруге жауапты топтар тағайындалып, ертеңгілік кестесі бекітілді.
- **1 СӨЗ СӨЙЛЕДІ**

«Көгершін» тобының тәрбиешісі Абдукадирова Гаухартас 22 наурыз мерекесін жылдағы топта атап өтетін дәстүрден бөлек, барлық топтан өнер нөмірлерін іріктеп музыкалық залда атап өту ұсынысын айтты.

#### **2 СӨЗ СӨЙЛЕДІ**

«Балауса» тобының тәрбиешісі Жазира 22 наурыз мерекесін әр топ өз тобында музыкалық нөмір, дәстүрі және дастарханымен атап өтуді қолдайтынын айтты.

#### **ШЕШІМІ**

Көрме: «Жүн тәртібінде үш тілде қолданылатын көркем сөздер жинағы» (үй тапсырмасы)

2 8 наурыз мерекесінің ертеңгілігіне жауапты деп «Бәйтерек», «Көгершін» топтары, тағайындалып, бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Турегельдиева Э.

Хатшы: Амалбек. А.

«КЕРЕМЕТ» балабақшасы

№4 Педагогикалық кеңес

Өткізілген уақыты: 18.04.2022 ж.

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы: педагогтардың жұмысына сараптама

Мақсаты: 2021-2022--+ оқу жылында педагогтардың жұмысына сараптама жасау, циклограммада кеткен қателіктерінің себебін анықтау, оқу жылының қорытынды есебіне дайындық жасау.

Төрайымы: Турегельдиева Э.

Хатшысы: Амалбек.А.

Қатысқандар саны: 14

Барлығы: 14

### Күн тәртібінде

- 1 №3 Пед. кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 Педагогикалық кеңестің тапсырмасын орындау. «Біздің жетістіктер» аттестатталушы педагогтардың жетістіктері
- 3 «Педагогтарды бағалау» саралау комиссиясының есебі
- 4 №5 Пед. кеңеске тапсырма: 2021-2022 оқу жылы бойынша балалардың білім деңгейінің қорытынды есебі.
5. Бала тәрбиесіндегі ақпараттық технологиялық алатын орны (кеңес).
6. Балабақшада сахналау әрекетін қалыптастыру арқылы баланың тілін дамыту (баяндама).
7. Пед. кеңес шешімі

### Қаралды

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. Ол бойынша балабақша психологы педагогтардың мінез-құлқын анықтау мақсатында жүргізген тренингінің қорытындысы бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын айтты.

Балабақша медбикесі өз уақытында балалардың қызылшаға қарсы вакцинаны алғаны жөнінде ақпарат берді.

Әдіскер 9 өтпелі тақырып бойынша топтарға бөлінген көрнекіліктердің есебін айтты. Барлық топтар өздеріне тиесілі көрнекіліктерді А3 форматта жасап өткізді. «Ласточка» тобына жүктелген «Дене шынықтыру» блоктарының көрнекіліктеріне ескертулер айтылып, толықтыру тапсырмасы берілді.

«Бала тәрбиесіндегі ақпараттық технологиялық алатын орны» атты кеңесінде тәрбиешілер өз жұмысын баяндап, оны талқылап, өз пікірлерімен бөлісті.

Артикова Гүлдана Ташполатқызы «Балабақшада сахналау әрекетін қалыптастыру арқылы баланың тілін дамыту» атты тақырыпта баяндама оқып әріптестермен алдағы уақытта тәрбиеленушілерді сахнаға бейімделуін, өз ойын еркін жентілдіруіне ықпал етуін қарастыруын ұсынды.

## ШЕШІМІ

1 Көрнекілік жасау барысында ескерту айтылған топтар сәуір айының соңына дейін толықтыру жұмыстары жасалсын.

## 2 ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері аттестатталушы педагогтардың жетістіктері туралы айтты.

## ШЕШІМІ:

«Үздік балабақша 2022» байқауында орын алған педагогтар марапатталсын.

## 3 ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері педагогтардың құжаттарын тексеру бойынша «Педагогтарды бағалау» сараптамасының есебін берді. Наурыз, сәуір айларының циклограммалары жазылмаған топ тәрбиешілеріне акт жазылғанын айтты олар «Ласточка», «Балауса», «Балбөбек» топтарының тәрбиешілері.

## ШЕШІМІ:

1 Циклограммаға ескерту айтылған топтарға түзету жұмыстарына сәуір айының соңына дейін уақыт берілді.

## 4 ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша №5 Педагогикалық кеңеске тапсырмалар берілді.

Онда 2020-2021 оқу жылыны қорытынды есебі бойынша төмендегі тапсырмалар берілді:

Тәрбиешілердің, психологтардың, логопедтің, медбикелердің 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебін жасау;

Балабақша психологына балалардың мектепке дайындығының психологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерінің қорытынды есебін жасау тапсырмасы берілді.

- Аға тәрбиешіге 2021-2022 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін жасау тапсырмалары берілді.
- Әдіскер «» топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысының есебін жасауды тапсырды.
- ШЕШІМІ:  
№5 Педагогикалық кеңеске берілген тапсырмаларға жауапты адамдар жүйелі түрде орындасын.

«Керемет» балабақшасы

№5 Педагогикалық кеңес

**Өткізілген уақыты:** 29.05.2022 ж.

**Түрі:** Дәстүрлі

**Тақырыбы:** Бір жылдық жұмыстың қорытындысы

**Мақсаты:** Балабақша бойынша атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін тыңдау.

**Төрайымы:** Турегельдиева Э.

**Хатшы:** Амалбек.А.

**Қатысқандар саны:** 14

**Барлығы:** 14

### **Күн тәртібінде**

1 №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

2 Тәрбиешілердің, психологтың, медбикелердің 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебі.

3 Балалардың мектепке дайындығының психологиялық және әлеуметтік көрсеткіштері

4 2021-2022 жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау

5 Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысы

6 Әр түрлі мәселелер

- Базадағы балалардың іріктелуі

- Ағымдағы жөндеу жұмыстары

- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

### **Қаралды**

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша меңгерушісі педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды.

#### **1 СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Балабақша әдіскері №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша есеп берді. Онда топ тәрбиешілеріне жүктелген көрнекіліктерді жасау бойынша тапсырманың орындалғанын, «Үздік балабақша 2022»

байқауында орын алған педагогтардың алғыс хатпен марапатталғанын,циклограммаға ескерту айтылған топтардың түзету жұмыстарын жүргізгенін айтты.

**ШЕШІМІ:**

№4 Педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша барлық топтың тәрбиешілері,психолог,логопед,медбике 2021-2022 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді.Тәрбиешілері топтағы бала саны,ұлты туралы ақпарат берді.Тәрбиешілердің өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе,ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды.Қыркүйек айында білім күніне орай тәрбие сағатын,ата-аналар жиналысын өткен.Қазан айында тіл мерекесіне орай,ұстаздар мерекесіне орай тәрбие сағатын, «Алтын күз» мерекесіне орай ертеңгілік өткен.Қараша айында балабақшаның жылдық жоспары бойынша,ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткен.Желтоқсан айында тәуелсіздік мерекесіне орай ашық тәрбие сағатын,жаңа жыл мерекесінің ертеңгілігін өткізген.Наурыз айында аналар мерекесіне орай ертеңгілік және қазақтың төл жаңа жылын барлық топ атап өткенін айтты.Сәуір айында ғарышкерлер мерекесін,мамыр айында достық мерекесін,Отан қорғаушылар мен жеңіс күнін атап өткенін айтты.Ал, ересек топтары мамыр айында балабақшамен байланыс жоспары бойынша кіріктірілген қорытынды оқу қызиетін және балабақшамен кешін өткізетінін айтты.

Әрбір топтың жоспарына сәйкес ата-аналар жиналысы өтіп,онда қаралған және шешімін тауып жатқан мәселелерді атап өтті.

**ШЕШІМІ:** Балабақша педагогтарының 2021-2022 оқу жылындағы қорытынды есебі тыңдалсын.

**3ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша психологы өзінің жоспарына сәйкес балалармен ,педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмысының қорытындысын айта келе,ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды.

Ол тесттің қорытындысы бойынша «Ласточка» тобының 7 баласы жоғары деңгейлі екенін 5 баласы орта деңгейдегі балалар екенін көрсетті. «Ягодка» тобының балаларының,6 баласы жоғары білім деңгейін,2 баласы ортадан төмен білім

деңгейін көрсетті.

**ШЕШІМІ:**

Ересек топ балаларының мектепке психологиялық дайындығы жайында кеткен олқылықтар ескеріліп, алдағы уақытта сол тұрғыда жұмыс жасалсын.

#### **4 ТЫҢДАЛДЫ:**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері 2021-2022 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

#### **ШЕШІМІ:**

Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

#### **5 ТЫҢДАЛДЫ:**

Топ құжаттарының орындалу жүйесі бойынша балабақша әдіскері сөйледі. Онда барлық топтардың құжаттары тексеріліп өткізілгені туралы және ол құжаттар арнайы құрылған комиссиямен сарапталып, құжатжайға тапсырылатынын айтты.

#### **ШЕШІМІ:**

Арнайы құрылған комиссияның тексеруімен құжаттар құжатжайға өткізілсін.

#### **6 ТЫҢДАЛДЫ:**

Әр түрлі мәселелер бойынша, балабақшаның жаз маусымында жасалатын іс-шаралар жоспары анықталып, жаз мезгіліндегі ағымдық жөндеу жұмыстары жайында айтылды.

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма журналына тапсырыс берілгенін айтты.

Ағымдық жөндеу жұмыстары бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Онда биылғы жылғы жөндеу жұмыстары шілденің алғашқы 1-2 аптасы аралығында жүргізілетінін айтты. Сондай-ақ, тәрбиешілерге алдағы оқу жылында ауысатын топтарны жөндеу жұмысын жасау ұсынысын тастады. Тәрбиешілер бір ауыздан келісті.

#### **ШЕШІМІ:**

1-ші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылында балабақшамызда 2016 жылғы 4 топтың МАД тобының тәрбиеленушілері мектеп табалдырығына қадам басады.

2. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

3. Балабақша ғимаратындағы ағымдық жөндеу жұмыстарының жүруін шаруашылық меңгеруші қадағаласын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Турегельдиева Э.

Хатшы: Амалбек. А.